

## ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

**Құдайберген Тұрсын**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры

Филология ғылымдарының докторы

### **Көгілдір экрандағы – көркем ой**

Қазақ теледидары өмірге келген алғашқы жылдары білікті кадр мәселесінен көп қиындыққа кезікті. Себебі, ол шақта жоғары оқу орындары бұл салаға әлі де болса маман кадрлар даярлауға бет бұра қоймаған кезең-тұғын. Сондықтан да радиотелекомитет басшылығы радио және газет-журналдарда істеп жүрген, көзі қарақты, қаламы қарымды, материалы мазмұнды әрі ойлы жастарды телевизияға іріктеп шақыруды дәстүрге айналдырған болатын. Міне, осы шақта басшылықтың көзі “Лениншіл жастағы” отты, өзіндік ойы, айтар сөзі бар Сәнгерей Тәжіғұловқа түсті. Сол 1966-дан басталған “көгілдір экранмен” байланысқан тағдыр жолы, кешегі өмірінің соңы 1991-нші жылға дейін жалғасты. Ізденімпаз жас жылдар сілемінде қанатын қатайтып, үнемі өсу, іздену үстінде болды. 1967-1968 жылдары “Шұғыла” шығармашылық бірлестігінде бас редактор, 1968-1979-ншы жылдары насихат хабарлары Бас редакциясында бас редактор, ал 1979 жылдан кинохабары және бағдарламалар алмасу редакциясының бас редакторы, 1988 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ телевизиясы директорының орынбасары, “Алатау” арнасының директоры қызметтерін атқарды.

Телевизиядағы басшылық қызметтегі ой мен біліктілікті көп талап ететін болашақ хабардың сценарийін қарау, оны редакциялау, автор не редакторға бағыт-бағдар беру секілді қиын жұмыстардан қолы бір сәтке де қолы босаған емес. Дегенмен, редакцияның қат-қабат тіршілігінен кейде қол мен ойды босатып, өзі де еңбек адамдарының өмір жолдары жайлы телехабарлар даярлауға ден қойды. 1971 жылы Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданының еңбеккерлері жөнінде жасаған телехабары экранда сәтті шықты. Ол кезде бүгінгідей техникалық құрал-жабдықтар жетіспейтіндіктен, ауылдағы еңбек ардагерлерін (100-150-дей адам) Алматыға шақырып, студиядан тікелей хабар жүргізілетін еді. “Мойынқұмда ауылым” деп аталатын хабарға аудан басшылығы мен Кеңес Одағының екі мәрте Еңбек Ері, әйгілі шопан ата Жазылбек Қуанышбаев пен оның ізбасарлары және аудан шаруашылығындағы еңбек озаттары қатысты. Араға он жыл салып, 80-нші жылдардың басында өскен-көркейген аудан тынысын тағы бір мәрте електен өткізіп, жетістігі мен кемшілігінен көрерменді хабардар етті. Зерттеу жұмыстарының бірінде өзі жазғандай “Телевизия жұмысының тиімділігін арттыру үшін маңызы бар әдістердің бірі – ертеректе көтерілген, проблемасы айтылған коллективтерге, еңбек адамдарына қайтадан оралып, хабарлар жасау. Мұның әсері де, тиімділігі де айтарлықтай болады. ... Белгілі бір кейіпкерлерге, коллективтерге терең қамтылған хабарлар арқылы оралу – олардың аса қысқа мерзімде, бүкіл көрермендер алдында ұмтылысқа, үрдіс өсуге жігерленгендігін көрсетеді. Сол коллективтегі жағдайды тез жаңартады” [1,576.]. Соған орай, арада өткен он жыл ішіндегі Мойынқұм ауданының келелі табыстары мен олқылықтары тележурналист көзінен тыс қалмапты. Ал, сексеннің сегіріне шыққан шопан ата жайлы (сценарийін өзі жазған) “Жазылбек ата” кинолентасы Қазақ телевизиясының “алтын қорына” қосылған сүбелі туынды.

Қазақ киносының жарық жұлдыздарының бірі Шәкен Аймановтың жетпіс жылдық торқалы тойы қарсаңында өзінің КСРО Халық әртістері Х.Бөкеева, А.Әшімовтермен бірлікте көркем фильмдер мен спектакльдерде басты рөлдерді сомдаған бейнелерінен фрагменттер ала отырып жасаған телепортреті де экранда аса нанымды шықты. “Кино үйіндегі кездесу” атты хабарда тамаша актер Н.Ықтымбаевтың телепортреті, киносценарийист С.Елубаевтың қатысуымен бірлікте жасалған “Тұлпар”, “Нанның дәмі”, “Мәңшүк туралы ән”, “Атаманның ақыры”, “Көксерек” т.б. көркем фильмдерден алынған сапалуан фрагменттерден А.Қарсақбаев, Н.Жаңтөрин, О.Әбішев, М.Бақтыгересев және өзге

де өнер адамдары жайлы жасаған телефильмдері олардың экрандағы образдарын сан қырынан ашып, өмір жолы мен өнердегі жарқын іздерін көркем бейнеге айналдырды.

С.Тәжіғұлов телеэкранда өзі ұзақ жылдар бойы жүргізген “Теледидар және көрермен” циклында кинематографияның көкейтесті мәселелерін қозғай отырып, мамандар мен көпшіліктің сан алуан бағыттағы пікірлерін де назардан тыс қалдырмайды. Мұндағы тақырыпты таңдау проблематикасы мен фильмдерге актерлерді іріктеу де әңгіменің өзекті тұстарының біріне айналған. Тележүргізуші фильмде басты рөлдерді сомдайтын актер шеберліктеріне тереңнен талдау жасап, олардың кемшіліктеріне орынды тоқталады. Көрермен аудиториясына танымал болған “Киносаяхат клубы” киножурналы арқылы көпшілік кешегі күні өмірге келген әлде болашақта экранға жолдама алатын жаңа фильмдермен танысып, шетелдік туыңдылардан да хабардар болады. Осы жылдар ішінде ғана экраннан осы циклдың 70-тен астам хабарлары өткен екен. Осының әрбір санында деректі экран шеберлерінің өзіндік қолтаңбалары тілге тиек болып, олардың фильмді жасау барысындағы саналуан хикаялы, қызғылықты фактілері орынды келтіріледі.

Үнемі ізденістегі тележурналист кеңестік кезеңде Қазақстанда бой көтерген қалалардың өміріндегі айтулы даталарға айрықша мән берген. Соның жарқын мысалдарының бірі – Гурьев (бүгінгі Атырау) қаласы жайлы, небәрі 15 минуттік телефильм. Осы мерзім аралығында көрермен көз алдына Жайықтың екі жағындағы қайнаған өмірді, қаланың кешегі кеңестік кезеңге дейінгі өмірінен сыр шертетін мұрағаттық көріністерді әкеле отырып, бүгінгі өсіп-өркендеген жаңа заман қаласының бет-бейнесін экранға нанымды орнықтырған. Дәл осы тектес телефильмдер Қызылорда қаласы мен Семей облысының Абай ауданы жайлы да жасалынып, олар да көпшілікке жол тартты. Осы циклдер ізденістегі журналистің қарымдылығы мен қарапайымдылығынан көрерменді хабардар етті. Ал, әйгілі өнер адамдары мен ғалымдар - Роза Бағланова, Әлкей Марғұлан, Мұхаметжан Қаратаев, Ісмет Кеңесбаевтармен өткізген тағылымдық кездесулердің аудиторияға бергені де мол болды. Бұдан бөлек Қазақстанның мол астығы жолындағы істе ерен еңбектің үлгісін көрсеткен Ақмола (Астана) еңбеккерлерінің 1971-1972-нші жылдардағы қажырлы істерін күн сайын (күз айларында) “Алтын дән - Урожай” бағдарламалары арқылы көрсетіп, небәрі 1-2 минут көлемінде алуан істерге көрерменнің көзін жеткізді.

Қай істе де тындырымды әрі еңбекқор тұлға телевизияның күнделікті қат-қабат тіршіліктерінің қатарында, көп пенденің қолынан келе бермейтін, “инемен құдық қазғандай” ауыр жұмыс ғылыммен айналысты. Партиялық кезеңдегі телевизияға жүктелген аса жауапты майдандардың құлағында таңның атысы мен күннің батысында отырып, ақиық ақын Хамит Ерғалиевтің шығармашылығын зерттеді. 1975 жылы “Хамит Ерғалиевтің поэтикалық шеберлігі” деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Таланттар шоғырындағы өр тұлғаның өлең-жырларының өн бойынан поэтикалық шеберлікті іздеп тауып, оған жүйелі ой, дәлелді әрі дәйекті пікір айтуға да хас талант керек. Диссертациядағы “Ақынның лирикасы”, “Х.Ерғалиев поэмаларындағы образдар жүйесі мен оның идеялық-тақырыптық мазмұны”, “Х.Ерғалиев поэмаларының поэтикалық ерекшеліктері” деген бөлімдер жинақтала келе, зерттеуші ойынан тұтастық туындатып, ақиық ақынның шығармашылығына толымды талдау, татымды ой білдірген. “- Ақын стилінің қалыптасуы өте ұзақ, творчестволық процесс. Ойды жинақтау, кейіпкерлерді, лирикалық геройды типтендіру жазушы, ақын үшін кездейсоқ келе қалатын жол емес. Ол көп ізденістің, аянбай тер төгудің нәтижесінде жүзеге асатын нәрсе. Қаламгердің типтендіру жолындағы алға қойған мақсаты қосалқы, қажеті жоқ, факті сымақтарды сылып тастап, шындыққа қиыспайтындарды аластап, поэзияның талғамына қажет нәрселерді ғана іріктеп ала білуінде” [2,45 б.], - дейді, зерттеуші.

Телеэкран өнеріне бар өмірін арнай жүріп, оның әлі де зерттелмеген, құпиялы әлеміне ден қойған зерттеуші әлі күнге дейін қолжазба күйіндегі “Теледидардың қоғамдық сипаты” атты кемеліне келген, толымды зерттеуі өзі жазғандай “Бір айта кететін жай осы телевизияның алуан қырлы ерекшеліктері мен сырлары туралы қазақ тілінде шыққан басылымдардың өте аздығы. Ертеректе жарық көрген С.Мазғұтовтың “Көгілдір экран - өмір айнасы” (1976), О.Сәрсенбаев пен К.Айдаровтың “Экран сыры” (1977) атты шағын

кітаптары ғана. Оның алғашқысы одақтық телевизияның тәжірибесіне шолу-барлау жасай отырып, Қазақ телевизиясының қалыптасу жайы мен кейбір творчестволық мәселелері төңірегінде түсінік беруге арналса, екіншісі телевизияның техникалық құрылымының жұмыстары жайында мағлұмат береді. Бұлар бүгінгі (1980 ж. –Қ.Т.) телевизияның өткенін таныту мен түсінуге жауап беретін қазақ тіліндегі алғашқы еңбектердің көріністері, талпыныстары ғана”. Бұл отандық телевизия саласындағы тосын құбылыс. Кітаптың “Ғасырдың ғажап перзенті”, “Партиялық принцип, телевизияның міндеттері”, “Телеарнаның терең тамырлары”, “Телевизия толғамдары”, “Теледидар - эстет” атты бөлімдерінің айтар ойы, көтерген проблемалары, тың пікірлері, отандық телевизияның күнгейі мен көлеңкесі жайлы кемелді ойлардың студенттер мен аудиторияға берері мол. Көзі қарақты оқырман ойына жылы ұялаған “Ақын творчествосы туралы толғау” атты зерттеу еңбегінде қисынды ой айтып, ғылымға деген пәлсапалығын танытса, ал синкретті өнердің сірескен айдынына салған түрені өзінің діттеген жерінен шыққан. Телевизия туралы толғау деуге лайықты зерттеуде өзі куә болған, оның күнделікті қазанында қайнаған жанның қыл пернесі өмір ағынының өн бойында қатарласа қанат қағып отырады. Зерттеуде көзі қарақты адамға әлі құпиялы қалтарыстарын түгелдей аша қоймаған сыршыл әлемнің сырлы саздары да, ойдан шықпай, тәжірибеден түйіндеген тәлімі де, кенеулі философиялық пәлсапалары да, қисынды тұжырымдары да қойындаса келіп, ғалымның телеөнер саласын да толық игерген зерделі зерттеуші екендігіне көзінді тағы да жеткізе түседі. Нені айтса да деректермен дәлелдей түсіп, қандай ойды ортаға тастаса да фактілермен шегендеп отырады. Телеэкранның күдірет қарымы мен жойқын қуаттылығын айқын білген зерттеуші оның аудиторияға ықпал етер әсерінің де молдығынан сені хабардар етеді.

“Өзінің маңызы өткен, ескі рубрикалар мен хабарлар циклі программадан алынып тасталып, олар жаңаларымен алмасып, жаңартылып отырады. Мұны Орталық телевизияның жыл сайынғы программалар кестесін жасаудан көреміз”, - дей отырып, зерттеуші Қазақ телевизиясының тұрақты кестесі бойынша берілген бірқатар хабарлар жайлы көрермендерден алынған деректерге ой жүгіртеді. Эфирдегі 30-ға жуық хабарлар тізбесінен “Алтыбақан”, “Қымызхана”, “Үкілі домбыра”, “Туған жер түлектері” деген циклдер кейінгі хабарлардың кестесінен түсіп қалған. “Оған себеп, - дейді, зерттеуші, аталған хабарлардың кезінде телекөрермендерден тәуір баға алғанымен кейінірек тартымдылығының кемігендігіне байланысты”.

Телеэкрандағы хабарлардың өн бойындағы құрылым мен жанрлардың алуан түрлілігі телевизияға ең өткір, маңызды, өзекті әрі көкейтесті тақырыптарға фильм жасауға мүмкіндік беріп, оның барлық әсерлілік, бейнелеушілік құралдарын қолдандырып, көрермендердің сезіміне әсер етіп, ақыл-ойын қозғап, ұмытылмас әсер қалдырады. “Әдебиеттегі әркімнің орны да оның адамтану іліміне әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қосқан жаңалығының мән-маңызына қарай айқындалады. Сондай-ақ, әрбір көркем шығарма адам болмысындағы қалтарысы көп қат-қабат психологиялық қайшылықтарды қалтқысыз ашқан сайын оқушы сүйіспеншілігіне бөлене түсетіндігінде сөз жоқ”[3,156 б.], - деген, танымал сыншы С.Әшімбаев ойымен астасып жатыр. Атап айтқанда, экранға шыққанда кино кететін формалар мен алуан жанрдың басын шалған жүйесіздік тоғысындағы өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру қиынның қиыны. Осыны есінде мықтап түйген ғалым “Бұл үшін тек хабардың тақырыбын ғана дәл тандап қоймай, хабар арналған аудиторияны ғана айқындап қоймай, сол тақырыпты көркем тұрғыда шешудің ең қолайлы әдістерін де таба білу қажет. Материал әзірлеуге бұлай қадам жасау әрбір циклдер мен айдарлар арқылы берілетін хабарлардың бір-бірін қайталамауын қамтамасыз етті”. Демек, құралдарды толық пайдалана және қолдана білудің маңыздылығын да аудиторияға ұғындырып отыр.

Телевизиядағы кадрлардың басты тұлға екенін білген зерттеуші “Тележурналист дәстүрлі әдістер мен жанрларды ғана меңгеріп не біліп қана қоймай, сонымен бірге қосымша жаңа сапа мен білімдерді де бойына сіңіріп – телевизиялық хабарлар мен фильмдердің авторы, редакторы да бола білуге тиісті. ... Тәжірибе статикалық мәліметтерді

экранға топырлатып шығарудың ешқандай абырой бермейтінін, хабардың сапасын жақсартпайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайда хабардың сценарлық жанрын анықтау да мүмкін емес. Жол сапары очеркін зарисовкамен, публицистикалық сөйлеуді репортажбен шатастырып, араластырып, экранға ұсыну жағымды нәтиже бермейді”, - деп, келелі ой түйіндейді. Жеке дара, өзіндік авторлық ойы, дәлелді тұжырымы бар, толғаныста жазылған, образдары айқын, қызу әрекеттерге толы, кимыл-ерекшеліктер танытатын режиссерді де, теле-және кинооператорларды да, музыкалық режиссерді де қанағаттандыратын, ойға қозғау салатын толыққанды сценарий - өзінің дүниесіне сай көрермен бағасын алып, көпшілік тарапынан қолдау табады және ол телехабарлар мен фильмнің сценарийіне негіз болады деген пікір автор ойымен астасып жатыр. Мұндай жайларға Қазақ телевизиясынан жетпісінші жылдары эфирде жүрген “Қымызхана”, “Алтыбақан”, “Мың да бір рахмет!”, “Сұхбат” және “Тамаша” хабарларын мысал етуге болады. Осылардың әрбірінің бүге-шігесіне дейін анық, дәл көрсеткен, айқын жазылған сценарийлері болды. Соның негізінде оның музыкалық композициясы жасалып, болашақ сұлбасының партитурасы, авторлық түсініктемелері жасалды. Мұның аудиторияға эмоционалдық әсері мен тиімділігінің де аса жоғары болғандығы - ақиқат.

Экрандағы ойлы әрі мазмұнды көркем туындылардың көрерменге берер эстетикалық ләззатынан бөлек оның тәрбиелік және танымдық мәні де орасан. Бұл бағытта да зерттеуші пікірі тартымды әрі ғибратты. “Телевизиялық көркем шығармалар жасауға мейлінше қатаң, ақылды, ойлы, мақсатты тұрғыда қарауға, программаларды қалыптастыруға творчестволықпен келуге, оригиналды телевизиялық шығармаларды жасау үшін ең озық театрлық спектакльдер мен сценарийлерді іріктеп алу, оған ең таңдаулы сценарийстерді, режиссерларды, басқа да творчестволық қызметкерлерді тарту телевизияның түбегейлі айналысатын ісі. Сонда ғана ол аталған бағытта идеялық-көркемдік критерийдің ең жоғары көрсеткішіне жете алады”. Айтар ойы саликалы, мазмұны ғибрат аларлық, композициялық шешімдері шеберлікпен киюласқан, сценарийінен түгін тартсаң май шығатын, тілі көркем туындылар – экранның ажарын ашады, оның нәрін келтіреді.

Көркемдік, сұлулық, мәдениеттегі терең мағыналылық саясаты – телевизия үшін келелі де перспективалы жұмыс. Оны көркем, публицистикалық бағдарламалардың күшімен ғана шеше аламыз, шешіп те жүрміз. Бұл мәселені барынша байыпты зерделеудің барысына Қазақ телевизиясының күнделікті жүргізіп жатқан алуан жанрлы жұмысы талассыз мол рухани азық бере бермек.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тәжіғұлов С. Теледидардың қоғамдық сипаты. Қолжазба. – Алматы, - 137 бет.
2. Тәжіғұлов С. Ақын творчествосы туралы толғау. – Алматы: Қазақстан, 1975, - 125 бет.
3. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1985, - 248 бет.

### Резюме

*В статье рассматриваются телевизионное творчество и научные исследования С.Тажигулова с точки зрения современного мировоззрения.*

### Özet

*Televizyon çalışma ve araştırma S. Tazhigulova ile konunun modern dünya görüşü açısından.*

### Resume

*The article deals with television work and research S. Tazhigulova the standpoint of modern worldview.*